

"Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 821 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 873 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен "Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің мынадай құрамда сайлануын қамтамасыз етсін:

Смағұлов Болат Советұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі, төраға;

Шәкіров Асқар Оразалыұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары;

Исаев Батырхан Арысбекұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі;

Әмрин Асқар Кемеңгерұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;

Смайылов Әлихан Асханұлы - "Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ басқармасының төрағасы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.18. N 1214 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*